



## "Midgard Mining Limited" жеке компаниясына қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының әкімдігінің 2025 жылғы 19 қарашадағы № 395 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 17- бабының 5- 1) тармақшасына, 69, 71-1- баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31- бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Қарқаралы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "Midgard Mining Limited" жеке компаниясына қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін 2031 жылғы 25 қыркүйекке дейінгі мерзімге жер учаскелерін алып қоймай, Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының жерлерінде орналасқан жалпы ауданы – 442,1592 гектар жер учаскелеріне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Жер пайдаланушы- "Midgard Mining Limited" жеке компаниясы (келісім бойынша ) жер пайдаланушыларға және жер учаскесінің иелеріне толық көлемде шығындарын өтеуді қамтамасыз етсін, шығын көлемі және олардың өтемақысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімдері бойынша белгіленсін.

3. Барлау жұмыстарын жүргізу мерзімін, олардың нақты орнын, шығындарды өтеу және жердің нысаналы мақсаты бойынша пайдалануға жарамды күйге келтіру жөніндегі міндеттерді айқындау мақсатында уәкілетті органдармен пайдаланған жер учаскелерін жарамды күйде тапсыруға міндетті.

4. "Қарқаралы ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын басқа да шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулының орындалысына бақылау жасау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі

Қарқаралы ауданының әкімінің м.а.

С.Мусин

Қарқаралы ауданының әкімдігінің

2025 жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_ қаулысына

қосымша

## "Midgard Mining Limited" жеке компаниясына қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізбесі

				қауымдық сервитут белгіленуге
--	--	--	--	-------------------------------

№	Орналасқан жері	Кадастырлық номері	Жалпы көлемі, га	жататын учаскелердің бөліктерінің ауданы (лицензия шекарасында) га;
1	Н.Әбдіров а/о Уахитов Султан	09133060040	1507,2500	241,7971
2	Абай а/о	09133060		200,3621
	Барлығы			442,1592

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК